

Анкебаева А.М.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫН ОЗАТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Анкебаева А.М.

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ГЕРОИЧЕСКИХ ПЕСЕН С СОВРЕМЕННЫМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ

А.М. Анкебаева

TEACHING METHODS OF HEROIC SONGS OF TODAY'S TECHNOLOGY

УДК:371.56./78-89

Статья написана о инновационных технологиях. Технология аналитического обучение-активизируя учащихся развивает творческое мышление.

The article is written about innovative technologies. Tehcnology analytical training-intensifyingpiipils develops creative thinking.

Тірек сөздер: репродуктивті, инновация, жаңа технология, дамыта оқыту технологиясы, проблемалық модельді оқыту технологиясы, стандарт, деңгейілеп саралап оқыту технологиясы, дербестендіру технологиясы, аягоритмдік, эпос.

Бүгінгі күні ғылым мен техника қарыштап, компьютер мәселесі өркендеп отырған кезеңде мектеп оқушыларына білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді шешу мұғалімдердің озат технологияларды шебер ұйымдастыра білуіне байланысты. Қалыптасқан дәстүрлі оқу әдістері компьютерлік оқыту құралдарымен орын алмасуда. Оқыту технологияларын салыстырмалы түрде мектептерде сынақтан өткізілуде. Бұрынғы дәстүр бойынша мұғалім оқушыларға дайын білімді репродуктивті (білімді есте сақтау, жаттау, қайталап айттып беру) әдіс арқылы оқыта салмай, жүйелі түрде білімді өзі меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, жаңалықтар ашатын, ізденімпаз, өзгеше ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

«Инновация» сөзі ең бірінші XIX ғасырда мәдениет танушылардың зерттеуінен пайда болды. Бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

«Инновация» (латын сөзі) жаңа, жаңа енгізілім, жаңалық дегенді білдіреді.

С.И.Ожегов «Словарь русского языка» атты еңбегінде: ««новый» - впервые созданный или сделанный, появившиеся или возникший недавно, взамен прежнего...» - дей келе, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған жаңалық деген анықтама берген. [1,636]

1990 жылдары Ресейдің орыс ғалымдары В.Днепров, В. Лазареваның ғылыми еңбектерінде «Инновация» ұғымы пайда болды. Олар инновацияны- білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану, тарату іс-әрекеті деп сипаттады.

Қазақстанда инновациялық мектептердің қалыптасуы XX ғасырдың сексенінші жылдарында бастау алады. Тұңғыш рет «Инновация» деген терминді қазақтілінде анықтаған - Немеребай Нұрахметов.

«Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі»[2,140б] - дейді.

Алғаш рет «Инновация» терминінің қазақша аудармаларын жасаған Қ.Құдайбергенова. Өзінің ғылыми еңбектерінде мынадай анықтамалар берген. «Инновация» - жаңарту, «Нововедение» - енген жаңалық, «НОВОЕ» - жаңа, «НОВШЕСТВО» - жаңалық, «ИННОВАЦИОННЫЙ ПРОЦЕСС» - жаңарту үрдісі.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушыныңтаңдайтын мамандығына бағытталуы тиіс.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жүйелесек, «Инновация - жаңалықтарды қалыптастыру, қолданудың тұтастық қызметі» - деген мағынаны білдіреді.

Кез келген әдіс- тәсіл жекелік, сондай уақытша жоспарға жатады. Бұл әдіс-тәсілдер бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс жаңалық болса, екінші мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Озат оқыту технологиясы жаңадан жасалған әдістеме емес, ол дәстүрлі әдістемеден шығарылады,

Соның айғағы ретінде мынаны айтқымыз келеді. ХҮІІ ғасырда Я.А.Коменскийдің жасаған сабақтық жүйесі, А.С.Макаренконың, В.Сухомлинскийдің тәжірибелері, В.Г.Шаталовтың қолданған тірек-сызбалары, М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы қазірде тиімді қолданылуда. «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» - демекші, бүгінгі алдымызда отырған жас жеткіншек- ертеңгі еліміздің келешегі. Сондықтан оған жәрдем беріп, дұрыс бағыт беретін мекеп ұстаздары екені айдан анық көрініп тұр. Сөзіміз дәлелді болу үшін А.Байтұрсынұлының: «Ең әуелі мектепке керегі- білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім керек» -деген. [3,1676.]

Мұғалімнің инновациялық білім беру технологиясын дұрыс таңдап алып, тиімді пайдаланып, оқытудың сапасын арттыруға септігін тигізетінін көптеген зерттеу нәтижелері дәлелдеп отыр.

Инновациялық білім беру технологиясының тиімділігі- іс жүзінде қол жеткізілген қажетті нәтижелерді көрсетеді.

Қазіргі кезде әдебиеттерде, ғылыми еңбектерде қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты елуден астам педагогикалық технологияның қолданып жүргені мәлім. Бүгінгі таңда П.Э.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру, Д.Б.Эльконин, В.Даёвдовтың Н.Д.Хмель дамыта оқыту технологиясы, негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.И.Махмутов, М.Чошановтың проблемалық модельді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модельді оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың М.В.Кларин тағы басқа ғалымдардың оқыту технологиялары кеңінен тараған. Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Кобдиқованың, Ә.Жүнісбектің, Г.Н.Нұртаева, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионованы, М.Жанпейісованың, Қ.Қабдықайырұлы, Қ.Қадашева, Қ.М.Нағымжанованың, Н.Оразахынованың және тағы басқа ғалымдардың оқытудың жаңа технологиялары белсенді түрде қолдануда. Солардың ішінен біз заман ағымына сай қолданылып жүрген жаңа технологиялардың бірнешеуін зерттеу жұмысымызда батырлар жырын оқытуда пайдаландық. Жеке тұлғаның жас ерекшелігін, білігі мен икем, дағдыларын ескере отырып, батырлар жырын оқытуда жаңа технологиялардың әдістері мен құралдарын тиімді пайдалана отырып, заман талабына сай білімді, білікті, жеке көзқарастарын айта алатын, шығармашыл, халқымыздың салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптейтін, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, мәдени мұраларымызды сақтайтын, ана тілін құрметтейтін, адамгершілігі мол, патриот, өмірге икемді, уақыттың сынынан сүрінбей өтетін жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

«Уақыт өткен сайын әдебиеттің қоғам дамуындағы маңызы артып, мұралық туындылар жаңаша оқылады, жаңаша түсіндіріледі»- дейді академик С.Қирабаев. [4,168б.]

Жеке тұлғаның өзінің іс-әрекетін өз бетімен анықтал, өзін-өзі дамыта алатын дәрежеге жетуі үшін білім беру мазмұнында ғана емес, сонымен қатар оқушылардың білімін бағалау жүйесінде де жаңаша өзгерістерді енгізу қажет. Осы міндетті атқару жолында нәтижелі жұмыстар істелуде. Мемлекеттік стандарт көлемінде білім беруге негізделген міндетті нәтижелер негізінде деңгейлеп саралап оқыту технологиясы (В.В.Фирсов, Ж.А.Қараев) әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне қарай оқыту, оқушылардың әр түрлі топтарының ерекшелігіне қарай бейімдеу арқылы оқу үрдісін ұйымдастыруды көздейді. Осы технологияға ұқсас оқытуды дербестендіру технологиясы (И.Э.Унт, В.Д.Шадриков, А.С.Границкая) сабақты ерекше сызықтық емес түрде құрылуы да қолданылып жүр.

Бірінші бөлімде - барлығын оқыту, екінші бөлім екі үрдісті қамтиды. Оқушылардың өзіндік жұмысы және мұғалімнің жекеленген оқушылармен дербес жұмысы. Бұл технология арқылы мұғалім әрбір оқушының өздігінен білім алуына жағдай жасайды.

Саралап оқыту технологиясы- оқушылардың ойлау өрісін дербестікке танып, іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеруін талап етеді. Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі- оқушылар сабақ үрдісінде бірнеше жұмыс жасай алады. Әрбір оқушы өз деңгейінде оқу материалын меңгереді. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі артып, шығармашылыққа ұмтылады.

Бірінші деңгей тапсырмалары оқушының жас ерешелігіне сай болады. Тарау бойынша үй тапсырмасы сұрақтарынан құралады. Бағдарламаға байланысты мәтінмен жұмыс істеп, тапсырмалар орындайды. Міндетті оқушылық.

Екінші деңгей тапсырмалары бірінші деңгеймен салыстырғанда күрделене түседі. Алгоритімдік. Үшінші деңгей оқушыларды шығармашылыққа жетелейді. Эвристикалық. Төртінші деңгей қабілеті жоғары балаларға арналады. Шығармашылық.

Зерттеу жұмысымызда батырлар жырын оқытуда әр түрлі деңгейде саралап оқыту технологиясын 6 сынып оқушыларына «Алтын қақпа» ойыны арқылы өткізуге болады **Сабақтың тақырыбы:** «Алпамыс батыр» жыры.

Сабақтың білімділік мақсаты: «Алпамыс батыр» жырынан алған білімдерін әр түрлі деңгейде саралау технологиясы арқылы жинақтап бекіту, жырдағы патриоттық сезімдерді саналарына дарыту, бейнелі сөздерге көңілдерін аударып, шығармашылыққа деген ынталарын арттырып, білімдерін тереңдету.

Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды туған жерін сүюге, ана тілін ардақтауға, халқының тәуелсіздігін сақтауға, оны қорғай білуге тәрбиелеу, жыр кейіпкерлері арқылы адал достыққа, бауырластыққа тәрбиелеу, ойын арқылы тапқырлық қасиеттерін қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: «Алпамыс батыр» жырындағы асыл сөз айшықтары арқылы ойлау, шығармашылық қабілетін, тіл байлығын дамыту, ұтқырлыққа баулу.

Сабақтың түрі: Білімді жинақтау, қорытындылау.

Сабақтың әдісі: Деңгейлік оқыту, сайыстыру жарысы.

Оқыту формасы: Саралап оқыту технологиясы.

Көрнекілігі: Тас қақпа, күміс қақпа, алтын қақпа, ұнтаспа.

Пәнаралық байланыс: Ән, қазақ тілі, сурет.

Сабақтың барысы.

Жоспары

I. Ұйымдастыру.

II. Негізгі бөлім. «Алтын қақпа» ойыны

1-деңгей. Тас қақпа

2-деңгей. Күміс қақпа

3-деңгей. Алтын қақпа. III. Қорытынды.

Ұйымдастыру кезеңінде оқушылармен амандасып, ойынның өту барысымен таныстыруға болады. Жырды оқып, талдау барысында кездескен таныс емес сөздерге түсінік беру қажеттігі айтылады. Оқушыларға үйге қосымша алдын ала төмендегідей тапсырмалар берілу керек.

1. «Алпамыс батыр» жыры туралы ғылыми еңбектерді қарастыру. (4 оқушы).
2. Оқулықтан Алпамыс бейнесін ашатын сөздерді теріп алып, поэтикалық талдау жасау.
3. Жырдан бүгінгі кезде қолданылмай жүрген сөздерді сөздік дәптерге жазып келу.
4. «Манас» жыры туралы біліп, оқып келу тапсырылған. (Манастың дүниеге келуі, оның «Дәу жынды»

атануы мен қырық қырғыз баласымен Алтай тауының бауырына жиналып ойнауы. Ойын балаларының одан қорқуы...)

Сайысқа түсу.

Бірінші деңгейлік тапсырма бес сұрақтан тұрады.

1-деңгей

1. «Алпамыс батыр» жырының эпостық деп аталуы неліктен?
2. Алпамыстың ерлік, батырлық мінездері қандай әрекеттерінен көрінеді?
3. Манас пен Алпамыстың балалық шақтарында қандай ұқсастықтар бар?
4. Алпамыстың ерліктері жырда қалай суреттеледі?
5. Алпамыс батыр мен Ұлтанға салыстырмалы мінездеме бер.

Бірінші деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаннан кейін тас қақпа ашылып, күміс қақпаның деңгейлік тапсырмаларын таратамын.

2-деңгей

Жырдан үзінділер алынады. Екінші деңгейлік тапсырма бес сұрақтан тұрады. Мұнда түсініксіз сөздерге оқушылар анықтама береді. (Ол сөздер оқулықта берілген).

1. Алтын сапты ақ берен Деммен тартып тиеді. Кейбірінің кесіп келдесін, Кейбіреуін тіледі.
2. Қашып берген Жолайға Қабыланың найза сұныпты. Керегі бар, тілі бар, Қашыры бар, нары бар.
3. Кеудесі болды кепедей, Мұрны болды төбедей. Күрек тісі кетпендей,... Иегі бар сенгірдей.

Бір батыр болыпты сол күнде-ай.

4. Атбесік салып басына, Қабірін бұлар түзеді.
5. ...Талма түстің шағында Айдың көлдің бойында... Мыстанға келіп жолықты.

Екінші деңгейлік тапсырмаларды орындай алмай қалған оқушылар оқулықпен жұмыс жүргізеді. Оқушыларға мынандай сұрақтар қосымша беріледі.

1. «Манас» жыры қай халықтың шығармасы?
2. Манас қалай өсті?
3. Манас батырлығы қалай өрбіді?
4. Манас қырғыздарды кімдерден қорғады?

Тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларға алтын қақпа ашылып, үшінші деңгейдің тапсырмаларын таратамын.

Үшінші деңгей екі сұрақтан тұрады. Мәтіннің қандай жырдан алынғанын тауып, түсініксіз сөздердің мағынасын ашды. **3-деңгей**

1. Қырық шамалы орданы Атып жатқан кезі екен. Болпиган балғын Манастың Шері екенін кім білді.
2. Тез өлтірмей Ұлтанды... Тірсегінен тілдіріп, Бәйтеректің басына Салбыратып іледі.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап, әрқайсысы білім шеруіндегі өз қабілетіне қарай өз биігіне жетеді.

Оқушылардың жинаған ұпайларын есептеп, жеңімпазды анықтау, белсене қатысқан оқушыларды атау, оқушыларды бағалау.

Үйге: «Туады ерлер ел үшін» деген тақырыпта шағын эссе жазу. Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер жаттау.

Осылай сабақ тартымды, қызықты болу үшін сабақ құрылымын эртүрлі әдістер қолданып жүргізу керек. Сонда ғана жетістікке жете аламыз.

Оқушының білім алу, даму іс-әрекеттерін ұйымдастыра білу, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау- әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясының басты белгілері болып табылады.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, сана-еезімін дамытып, қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің енуі үлкен жетістіктерге жетуде оқушылардың ой- өрістерін, тіл байлықтарын дамытып, елжандылыққа, ізденімпаздыққа, білімді оздігінен меңгеруіне жағдай жасап, білімдерін тереңдетіп, білім сапасын мемлекеттік сұранымға сәйкестендіріп, білім мен тәрбиені оқушылардың өміріне ең қажетті біліктіліктерін жетілдірудеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М:
2. Педагогикалық іздеуіс- Алматы: 1990.-5736.

3. Байтұрсынов А. Шығармалары-Алматы: Жазушы-1989-3746.
4. Қирабаев С. Оқытушы мен оқушының психологиялық қарым-қатынасы.- Алматы- 1986.-213б.
5. З.Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости- Москва, 1981 .-с-241.
6. Батырлар жыры. іт. 2-басылуы.-Алматы;-1959.5386
7. Аксауыт. Батырлар жыры. 2томдк. 1т.-Алматы;-1977-3686.
8. Бородовская Н.В. Педагогика.-Санкт-Петербург, 2000.-стр. 101.
9. Аймауытов Ж. Шығармалары-Алматы:-жазушы; 1989.-5886.
- Ю.Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі.-Алматы:-1987.-796
- П.Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған әдебиет хрестоматиясы.Құр. ісләмжанұлы К., Баттап Р. Алматы:-Атамұра.-2002-173б.
- 12.Әбұов Ә.Мектептің оқу үрдісінде инновациялық білім беру...Астана, 2005
- 13.Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы.-Алматы, 1994.-40б.
- Н.Жұмажанова Т.Қ. Әдебиеттен жүргізілетін кластан тыс жұмыстардың ғылыми-әдістемелік негіздері. (дисс)- Алматы, 1996.
- 15.ЖұмажановаТ.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.-Алматы: Білім.-2009.-285б.

Рецензент: д.филол.н., профессор Ишекеев Н.